

Мұлікті тәркілеу бөлігінде қылмыстық іс бойынша сот үкімі негізінде не мұлікті мемлекетке беру туралы шешім негізінде тыйым салынған мұлікті өткізу немесе пайдалану қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 наурызыдағы № 227 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 28 сәуірде № 10813 тіркелді.

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 27.05.2021 № 494 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мэртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Занының 75-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 14.10.2022 № 1063 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Мұлікті тәркілеу бөлігінде қылмыстық іс бойынша сот үкімі негізінде не мұлікті мемлекетке беру туралы шешім негізінде тыйым салынған мұлікті өткізу немесе пайдалану қағидасы бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мұлік және жекешелендіру комитеті (Э.К. Өтепов) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың мемлекеттік тіркеуден кейінгі он күнтізбелік күн ішінде оны мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Қаржы министри

Б. Сұлтанов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Әділет министрі

Б. Имашев

" " 2015 жыл

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрі
Е. Досаев
" " 2015 жыл

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2015 жылғы 30 наурыздағы
№ 227 бұйрығымен
бекітілді

Мүлікті тәркілеу бөлігінде қылмыстық іс бойынша сот үкімі негізінде не мүлікті мемлекетке беру туралы шешім негізінде тыйым салынған мүлікті өткізу немесе пайдалану қағидасы

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 2016 жылғы 23 мамырдағы № 249 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Осы Мүлікті тәркілеу бөлігінде қылмыстық іс бойынша сот үкімі негізінде не мүлікті мемлекетке беру туралы шешім негізінде тыйым салынған мүлікті өткізу немесе пайдалану қағидасы (бұдан әрі – Қағида) "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мэртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 75-бабына сәйкес әзірленді.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 14.10.2022 № 1063 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тaraу. Жалпы ережелер

2. Осы Қағидада мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) ағымдағы баға – бағаның арттырылуына байланысты аукцион нысанындағы сауда-саттық барысында қалыптасатын мүлік бағасы немесе бағаның төмендетілуіне байланысты аукцион нысанындағы сауда-саттық барысында жарияланған баға;

2) алғашқы баға – тәуелсіз консультанттар немесе бағалаушы ұсынған мүліктің құнын бағалау туралы есеп негізінде айқындалатын және комиссия белгілейтін мүлік бағасы;

3) аукцион – тізілімнің веб-порталын пайдалана отырып, электрондық форматта өткізілетін қатысушылар өздерінің ұсыныстарын жария түрде мәлімдейтін сауда-саттық нысаны;

4) аукцион залы – аукционды өткізу үшін қажетті ақпаратты енгізу, сақтау және өндөу мүмкіндігін қамтамасыз ететін тізілім веб- порталының бөлімі;

5) аукцион нөмірі – қатысушыға Қазақстан Республикасының Ұлттық күәландаурыши орталығы берген электрондық цифрлық қолтаңбасы болған кезде аукционға қатысу үшін берілетін нөмір;

6) әлеуметтік қызметтердің субъектілері – мемлекеттік заңды тұлға нысанында тіркелген, жетім балаларға және ата-анасының қамқорлығының қалған балаларға білім беру, мектепке дейінгі және орта білім беру, уақытша болу үйымдары, медициналық-әлеуметтік мекемелер (үйымдар);

7) бастапқы баға – мұлік бойынша сауда-саттық басталатын баға;

8) ең төменгі баға – мұлікті одан төменге сатуға болмайтын баға;

9) жеңімпаз – мұлік үшін неғұрлым жоғары баға ұсынған және аукцион қорытындылары туралы электрондық хаттамаға қол қойған аукционға қатысушы;

10) жергілікті атқаруши органдар - облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың, ауданының (облыстық маңызы бар қаланың) әкімі басқаратын, өз құзыреті шегінде тиісті аумақта жергілікті мемлекеттік басқаруды және өзін-өзі басқаруды жүзеге асыратын алқалы атқаруши орган;

11) кепілдік жарна – сауда-саттыққа қатысу үшін мұліктің алғашқы бағасының 15 пайызы мөлшерінде жеке немесе мемлекеттік емес заңды тұлға енгізетін ақшалай сома;

12) комиссия – "Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түсken) мұлікті есепке алушың, сақтаушың, бағалаушың және одан әрі пайдаланудың кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 шілдедегі № 833 қаулысымен бекітілген Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түсken) мұлікті есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдалану қағидаларына (бұдан әрі – Есепке алу қағидалары) сәйкес құрылған комиссия;

13) комиссиялық тапсырма – мұлік және тиісті бюджетке немесе Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорына аударылуы тиіс оның құны көрсетілетін мемлекеттік сатып алу туралы шарттың (комиссияның) бір бөлігі, сондай-ақ комиссиялық тапсырма бойынша міндеттемелердің орындалуын қаржылай қамтамасыз ету ретінде сатушы шотына сауда үйимы енгізетін сома;

14) қатысушының ақшалай балансы (бұдан әрі - электрондық әмиян) – екінші деңгейдегі банктегі арнайы транзиттік шотына әлеуettі қатысушы қойған:

аукцион нысанында сауда-саттыққа қатысу үшін кепілдік жарналарды қабылдау;

осы Қағидалардың 27-тармағының бірінші бөлігінің 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайларды қоспағанда, кепілдік жарналарды қайтаруға байланысты ақша қаражатын есепке алу үшін бірыңғай оператор пайдаланатын тізілімдегі әлеуettі қатысушының жеке шоты;

15) мемлекеттік заңды тұлғалар – мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекеттік мекемелер;

16) Мемлекеттік мұлікті есепке алу саласындағы бірыңғай оператор (бұдан әрі – бірыңғай оператор) – "Мемлекеттік мұлікті есепке алу саласындағы бірыңғай операторды айқындау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 15 шілдедегі № 802 қаулысымен айқындалған заңды тұлға;

17) мемлекеттік сатып алу туралы шарт (комиссия) – Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес электрондық сандық қолтаңбалармен расталған тапсырысшылар мен жеткізушілер арасындағы мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы жасалған азаматтық-құқықтық шарт;

18) мүлік – жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мүлік;

19) сауда-саттыққа қатысушы – аукционға қатысу үшін осы Қағидада белгіленген тәртіппен тіркелген жеке немесе мемлекеттік емес занды тұлға;

20) сату бағасы – сауда-саттық нәтижесінде белгіленген мүліктің түпкілікті бағасы;

21) сатушы – уәкілетті орган не болмаса жергілікті атқарушы органдар;

22) сатып алушы – өткізу процесінде мүлікті сатып алған жеке немесе мемлекеттік емес занды тұлғалар;

23) сауда-саттық – мүлікті сату тәсілі;

24) сауда-саттықтың бағаны көтеру әдісі – бастапқы бағасы жарияланған қадаммен арттырылатын аукцион нысанындағы сауда-саттықта қолданылатын әдіс;

25) сауда-саттықтың бағаны төмендету әдісі – бастапқы бағасы жарияланған қадаммен төмендетілетін аукцион нысанындағы сауда-саттықта қолданылатын әдіс;

26) сауда ұйымдары – мемлекеттік сатып алу туралы шарт (комиссия) негізінде және сыйақы үшін бір немесе бірнеше мәміле жасау үшін Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасымен айқындалған тәртіппен тартылатын мүлікті дайындауды және сатуды жүзеге асыратын жеке кәсіпкер немесе мемлекеттік емес занды тұлға не болмаса олардың бірлестіктері;

27) тиісті саланың уәкілетті органы – "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Мемлекеттік мүлік туралы заң) 1-бабының 13) тармақшасына сәйкес мемлекеттік басқарудың тиісті саласына (аясына) басшылықты жүзеге асыратын және республикалық мүлікке қатысты құқықтарға ие Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған орталық атқарушы орган немесе орталық атқарушы органның ведомствосы;

28) тізілімнің веб-порталы – мүлікті есепке алу және сату жөніндегі электрондық дереккөрға бірыңғай қол жеткізу нұктесін ұсынатын мемлекеттік мүлік тізілімнің интернет - ресурсы;

29) уәкілетті орган – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті және оның аумақтық бөлімшелері;

30) ұйымдастырушы – мемлекеттік сатып алу туралы заңнамада айқындалған тәртіппен тартылатын, сауда-саттыққа мүлікті дайындауды және және сатуды ұйымдастыратын сатушы не болмаса занды немесе жеке тұлға;

31) электрондық құжат – ақпарат электрондық-цифрлық нысанда берілген және электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған құжат;

32) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦК) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар терімі.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 30.04.2025 № 212 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

2-1. Үәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы орган Есепке алу қағидаларында айқындалған тәртіппен мүлік есепке қабылданған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде мүлік жөніндегі деректерді тізілімге енгізуі қамтамасыз етеді.

Егер мүлік үлестік меншікте болған жағдайда, тізілімге тек жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түсken) мүлік үлесі ғана енгізіледі.

Ескерту. 2-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 23.12.2019 № 1405 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

3. Мүлікті одан әрі пайдалану, оның ішінде өткізу немесе беру үшін бағалау Есепке алу қағидаларында айқындалған тәртіппен жүргізіледі.

Үәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы орган мүлікті есепке қабылдағаннан кейін мүлікті бағалауды жүргізеді.

Үәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы орган мүлікті бағалау туралы есептерді алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде мүліктің құны жөніндегі деректерді тізілімге енгізуі қамтамасыз етеді.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 23.12.2019 № 1405 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

2-тарау. Мүлікті одан әрі пайдалану

4. Мүлікті одан әрі пайдалану туралы шешімді үәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы орган қабылдайды.

Осы Қағидаларға 1-қосымшада көрсетілген мүлікті қоспағанда, тізілімге енгізілетін мүлік оны сатуға дейін веб-портал арқылы мемлекеттік заңды тұлғаларға олардың теңгеріміне беру үшін ұсынылуға жатады.

Мемлекеттік заңды тұлғаларға ұсынғанға дейін үәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы орган мынадай құжаттардың:

- 1) мүліктің құнын бағалау туралы есептің;
- 2) жекелеген файлдармен енгізілетін мүліктің әрбір түрі бойынша суреттердің, ал жылжымайтын мүлік пен көлік құралы үшін әртүрлі жағынан түсірілген кемінде бес суреттің электрондық көшірмелерін тізілімге енгізуі қамтамасыз етеді.

Улес меншігінде мұлікті сатушы сауда-саттыққа шығару алдында нарықтық құны бойынша үлес меншігінің қалған қатысуышыларына ұсынады.

Мұндай қатысуышылар сатушы жазбаша ұсынысты жіберген күннен бастап бір ай ішінде жылжымайтын мұлікті, 10 (он) жұмыс күні ішінде өзге мұлікті сатып алу-сату шартына қол қоймаған кезде мұліктің осы үлесі сауда-саттыққа шығарылады.

Осы Қағидаларға 1-қосымшаның 8, 12, 15, 18 және 19-позицияларында көрсетілген мұлікке қатысты осы тармақтың екінші бөлігінің талаптары осы Қағидалардың 5-тармағында белгіленген өлшемшарттарға сәйкес келген кезде мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, құқықтық тәртіптің зандалығын қолдау, қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу және жолын кесу мақсатында құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдарға қолданылмайды.

Осы Қағидаларға 1-қосымшаның 12-позициясында көрсетілген мұлікке қатысты осы тармақтың екінші бөлігінің талаптары осы Қағидалардың 5-тармағында белгіленген өлшемшарттарға сәйкес келген кезде Қазақстан Республикасы Президентінің, мемлекеттік саяси қызметшілердің, Қазақстан Республикасы Парламенті депутаттарының, мемлекеттік органдар мен олардың аппараттары қызметкерлерінің қызметтің қамтамасыз етуді жүзеге асыратын мемлекеттік органға қолданылмайды.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – КР Қаржы министрінің 20.02.2024 № 90 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Мұлікті беру және оны мемлекеттік занды тұлғалар тенгерімінде бекіту экономикалық орындылығы жағдайында жүзеге асырылады.

Мұлікті мемлекеттік занды тұлғаларға бекіту кезінде экономикалық орындылығының және оны нысаналы пайдалану мүмкіндігінің негізгі өлшемдері:

1) Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес белгіленген мұліктің тиесілігінің заттай нормалары шегінде мемлекеттік занды тұлғалардан берілетін мұлікке қажеттілікті айқындау;

2) мұліктің нысаналы пайдаланылуы және мемлекеттік занды тұлғаларда өндірістік қажеттіліктің болуы;

3) қабылданатын мұлікті ұстау және пайдалану бойынша қаржылық қамтамасыз етілуі болып табылады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – КР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 28.08.2023 № 904 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Мұлікті мемлекеттік занды тұлғалардың тенгеріміне беру және оны бекіту мұліктің атауын, қажетті санын, сондай-ақ мұлікті беру қажеттілігінің негізdemесін көрсете отырып тізілімнің веб-порталында тіркелетін электрондық өтініш (бұдан әрі – өтініш) негізінде жүзеге асырылады.

Өтінішке осы Қафидага 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тиісті саланың уәкілетті органы (жергілікті атқарушы орган) қорытындысының электронды (сканерленген) көшірмесі қоса беріледі.

Қорытындыға тиісті саланың уәкілетті органының (жергілікті атқарушы органның) аппарат басшысы, ал мұндай лауазым болмаған кезде – тиісті саланың уәкілетті органының (жергілікті атқарушы органның) басшысы немесе ол уәкілеттік берген адам не оны алмастыратын адам қол қояды.

Уәкілетті тұлға қорытындыға қол қойған кезде өтінішке қосымша өкілеттігін растайтын құжаттың электрондық сканерленген көшірмесі қоса беріледі.

Қорытындыда осы Қафиданың 5-тармағында белгіленген экономикалық орындылығы өлшемдері, сондай-ақ көрсетілген мүлікті бекіту ұсынылатын мемлекеттік заңды тұлға көрсетіледі.

Ескеरту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 30.04.2025 № 212 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Мүлікті беру және оны мемлекеттік заңды тұлғалардың теңгеріміне бекіту мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) уәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы орган мүліктің құнын бағалау туралы есепті қабылданған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде тізілімнің веб-порталында мемлекеттік заңды тұлғаларға беру үшін ұсынылатын мүлік туралы, сондай-ақ мемлекеттік заңды тұлғалардан өтініштерді қабылдаудың аяқталу күні мен уақыты туралы хабарламаны жариялады. Хабарлама өтініштерді ашу күніне дейін кемінде құнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде жарияланады;

2) хабарлама жарияланған күні тізілімнің веб-порталы орталық атқарушы органдардың, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың, олардың ведомстволарының, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың, мемлекеттік кәсіпорындардың тізілімнің веб-порталында тіркелген жеке кабинеттеріне хабарламаларды автоматты түрде жолдауды жүргізеді.

Мүлік түрлері бойынша таңдауды және осы тармақшасының бірінші бөлігінде көрсетілген зағды тұлғалар тізілімнің веб-порталындағы жеке кабинетте растауды ескере отырып, жарияланған хабарламалар туралы хабарламаларды таратуды жүзеге асырады;

3) мемлекеттік заңды тұлғалар тізілімнің веб-порталында хабарламаны орналастыру күнінен бастап тізілімнің веб-порталында өтінішті тіркейді;

4) өтініштерді ашу хабарламада көрсетілген өтініштерді қабылдау күні және аяқталу уақыты біткеннен кейін автоматты түрде тізілімнің веб-порталы арқылы жүргізіледі;

5) өтініштерді және оған қоса берілетін құжаттарды осы Қағиданың 5-тармағында белгіленген өлшемдерге сәйкестігіне өтініштерді ашу күнінде комиссия қарайды.

Тиісті саланың уәкілетті органының (жергілікті атқарушы органның) қорытындысында осы Қағиданың 5-тармағында белгіленген өлшемдер бойынша ақпарат көрсетілмеген кезде, комиссия өтінішті өлшемдерге сәйкес келмейді деп таниды;

6) комиссияның өтініштерді қарау нәтижелері бойынша комиссия хатшысы тізілімнің веб-порталында өтініштерді қарау нәтижелері туралы хаттаманы қалыптастырады және комиссия мүшелері дауыс беру рәсімінен кейін оған қол қояды. Комиссия мүшесінің дауыс беру мүмкіндігі болмаған кезде комиссия хатшысы осы хаттамаға тиісті белгіні қояды;

7) өтініштерді қарау нәтижелері туралы комиссия шешімі әрбір өтініш бойынша дауыс беру арқылы өтініштерді ашу күнінде қабылданады және өтініштер берген барлық мемлекеттік занды тұлғалардың электрондық почтасына автоматты хабарлаумен комиссия хатшысы ЭЦҚ пайдалана отырып, хаттамаға қол қою уақытынан бастап тізілімнің веб- порталында жарияланады.

Мұлікті алуға ниет білдірген мемлекеттік занды тұлғалардан бірнеше өтінім болған жағдайда осы Қағиданың 5-тармағында белгіленген барлық өлшемдерге сәйкес келетін болса, бірінші өтініш берген мемлекеттік занды тұлға басымдыққа ие болады.

Егер бірінші өтініш берген мемлекеттік занды тұлғаның қажеттіліктері қанағаттандырылғаннан кейін артық мұлік қалса, онда ол өтініш беру мерзімдерін ескере отырып және осы Қағидаларның 5-тармағында белгіленген барлық өлшемшарттарға сәйкес келген кезде кейінгі өтініш берушілер арасында бөлінеді.

Өтініштерді қарау нәтижелері туралы хаттамада мұліктің атауын, оның саны мен бағалау құнын көрсете отырып, өтініш берген барлық мемлекеттік занды тұлғалар бойынша шешімдер көрсетіледі;

8) комиссия оң шешім қабылдаған кезде, 15 (он бес) жұмыс күні ішінде уәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы орган:

мұлікті мемлекеттік занды тұлғалардың теңгеріміне (мемлекеттік меншіктің бір түрінің шегінде) бекіту туралы;

"Мемлекеттік занды тұлғаларға бекітіліп берілген мемлекеттік мұлікті мемлекеттік меншіктің бір түрінен екіншісіне беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2023 жылғы 26 мамырдағы № 85 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік занды тұлғаларға бекітіліп берілген мемлекеттік мұлікті мемлекеттік меншіктің бір түрінен екіншісіне беру қағидаларында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32641 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 85 қағида) белгіленген тәртіппен мұлікті мемлекеттік меншіктің бір түрінен екіншісіне беру туралы шешімді қабылдайды.

№ 85 қағидаларда көзделген уәкілетті органның мекенжайына облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) әкімінің немесе ол уәкілеттік берген адамның не оны алмастыратын адамның өтінішхаты немесе облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) тиісті жергілікті атқарушы органының мекенжайына уәкілетті органның келісімі көрсетілген мерзімде ұсынылмаған кезде мүлік сауда-саттыққа шығарылады.

Беруші және қабылдаушы тараптар мүлікті қабылдап алу-беру актісіне уәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы орган шешім қабылдаған күннен бастап құнтізбелік 10 (он) күн ішінде қол қояды.

Қабылдаушы тарап қабылдап алу-беру актісіне белгіленген мерзімдерде қол қоймаған кезде, уәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы орган тізілімнің веб-порталымен қалыптастырылатын мемлекеттік заңды тұлғаның теңгеріміне берудің және бекітудің күшін жою туралы актіге қол қояды, содан кейін мүлік сауда-саттыққа шығарылады;

9) мүлікті қабылдап алу-беру актісіне қол қойған күннен бастап құнтізбелік 5 (бес) күн ішінде уәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы орган тізілімге мүлікті республикалық немесе коммуналдық мүлік құрамына беру туралы мәліметтерді енгізу ді жүзеге асырады.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - КР Қаржы министрінің 30.04.2025 № 212 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Мемлекеттік заңды тұлғалар өтініштерді бермеген жағдайда не болмаса мүлікті мемлекеттік меншікке берудің экономикалық орынсыздығы жағдайында мүлік сауда-саттыққа қойылады.

8-1. Тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 30 (отызыншы) күнінен кешіктірмей, уәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы орган мен мемлекеттік заңды тұлғалар арасында мүлікті теңгерімге нақты алу мәніне салыстыру жүргізіледі.

Ескерту. 2-тaraу 8-1-тармақпен толықтырылды - КР Қаржы министрінің 30.04.2025 № 212 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8-2. Уәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы орган есепті тоқсаннан кейінгі айдың 15 (он бесінші) күнінен кешіктірілмейтін мерзімде теңгеріміне есепті тоқсанда мүлік берілген мемлекеттік заңды тұлғаларға осы Қағидаларға 2-1-қосымшага сәйкес нысан бойынша жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған мүлікті теңгеріміне нақты алу мәніне салыстыру актілерін (бұдан әрі – салыстыру актісі) жолдайды.

Ескерту. 2-taraу 8-2-тармақпен толықтырылды - КР Қаржы министрінің 30.04.2025 № 212 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8-3. Мемлекеттік занды тұлғалар салыстыру актілерін алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде оларға қол қоюды және бір дананы уәкілетті органға немесе жергілікті атқарушы органға қайтаруды не мүлікті төңгерімге алмаған жағдайда - себебін көрсете отырып, қол қоюдан дәлелді бас тартуды жолдауды қамтамасыз етеді.

Ескерту. 2-тaraу 8-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 30.04.2025 № 212 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8-4. Уәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы орган мемлекеттік занды тұлғаның мүлікті толық немесе ішінара алмауына байланысты салыстыру актісіне қол қоюдан дәлелді бас тартуын алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күннен кешіктірілмейтін мерзімде кінәлі тұлғаларды анықтау үшін материалдарды құқық қорғау органдарына жолдайды.

Ескерту. 2-тaraу 8-4-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 30.04.2025 № 212 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-тaraу. Мулікті мемлекеттік сатып алу туралы шарттың (комиссия) негізінде сауда үйымдары арқылы және сауда-саттықта өткізу

9. Мұлікті сату мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) мемлекеттік сатып алу туралы шарт (комиссия) негізінде ол болған кезде сауда үйымдары арқылы:

жарамдылық (сақтау) мерзімі шектелген азық-түлік тауарлары;

бұрын пайдалануда болған өнеркәсіп тауарлары (көлік құралдарынан, антикварлық бұйымдар мен тауарлардан басқа) өткізіледі;

2) көр биржасындағы сауда-саттықта бағалы қағаздар өткізіледі;

3) осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілмеген өзге де мұлік аукциондарда өткізіледі.

Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталдарындағы қатысу үлестерін сату "Жауапкершілігі шектеулі және қосымша серіктестіктер туралы" Қазақстан Республикасының Заңында және Қазақстан Республикасының қолданыстағы зандарында белгіленген талаптарды сақтай отырып жүргізіледі.

Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталындағы мемлекеттің қатысу үлесін сату кезінде жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерге қатысушылар заннамалық актілерде көзделген жағдайларды қоспағанда, қатысушылардың бірі қатысу үлесін немесе оның бір бөлігін сатқан кезде оны сатып алуша үшінші тұлғалардың алдында артықшылық құқықты пайдаланады.

Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерге қатысушы (қатысушылар) үлесті сатып алуша артықшылық құқықтан бас тартқан жағдайда, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктері үлес аукционда сатылады.

Аукциондарда екінші сауда-саттық нәтижелері бойынша өткізілмеген мұлік мемлекеттік сатып алу туралы шарт (комиссия) негізінде ол болған кезде сауда ұйымдары арқылы өткізуге беріледі.

Сауда ұйымдары қызметін мемлекеттік сатып алу өткізілмеген болып танылған кезде, мұлік кейінгі сауда-саттықтарға шығарылады.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 27.05.2021 № 494 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Сауда ұйымымен мемлекеттік сатып алу туралы шартты (комиссияны) жасау үшін оны анықтауды сатушы Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

11. Мемлекеттік сатып алу туралы шарт (комиссия) бойынша мұлікті сатуды оны белгісіз тұлғалар тобының сатып алу мүмкіндігін қамтамасыз ете отырып, мұлікті ашиқ сатуға қою арқылы сауда ұйымы жүзеге асырады.

12. Мемлекеттік сатып алу туралы шартқа (комиссия) сәйкес сауда ұйымы арқылы мұлікті сату үшін беру комиссиялық тапсырма, қабылдап алу-беру актісі және мұлікті сату үшін алынған құннан жиырма бес пайыз мөлшеріндегі комиссиялық тапсырманы орындауды ақшалай қамтамасыз етуді растайтын құжат (төлем тапсырмасы немесе банктік кепілдік) негізінде жүзеге асырылады.

Сауда ұйымы төлеген комиссиялық тапсырманың орындалуын ақшалай қамтамасыз ету сатылған мұліктен түсken түсімдер есебіне есептеледі.

Қабылдап алу-беру актісіне тиісті бюджетке немесе Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорына аударылуы тиіс соманы көрсете отырып, берілетін мұліктің тізбесі қоса беріледі.

Ақшаны аудару үшін деректемелер мемлекеттік сатып алулар туралы шартта (комиссияда) көрсетіледі.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 05.05.2017 № 293 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 09.02.2023 № 150 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

13. Комиссиялық тапсырманы алған күннен бастап 3 (үш) ай ішінде орындалған жұмыстар туралы актіге қол қойылады және сауда ұйымы сатылған мұлік бойынша комиссиялық тапсырманы орындауды ақшалай қамтамасыз етуді алып тастағанда сатылған мұліктен қаражатты тиісті бюджеттің немесе Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорының кірісіне аударады.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 09.02.2023 № 150 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Егер 3 (үш) ай өткеннен кейін сатылмаған мұлік қалса, оның құны елу пайызға төмендетіледі, бұл туралы тиісті бюджетке немесе Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорына аударылуы тиіс соманы көрсете отырып, қабылдап алу-беру актісіне тиісті қосымшаға қол қойылады.

Сауда ұйымы сатушыдан қабылдап алу-беру актісі бойынша қабылдаған мұлік қайтарылмайды.

Сауда ұйымының бастамасы бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шарт (комиссия) бұзылған кезде комиссиялық тапсырмаларда көрсетілген мұлікті сатуға алынған сома сатушыға төленуі тиіс.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 14.10.2022 № 1063 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 09.02.2023 № 150 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйректермен.

15. Сатушы мен сауда ұйымы арасында осы Қағидаға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша комиссиялық тапсырмалар шенберінде туындайтын қатынастар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 28.08.2023 № 904 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйректермен.

16. Мұлікті сауда-саттықта сату үшін:

- 1) мұлік бойынша материалдарды жинау жүргізіледі;
- 2) бағалаушы ұсынған мұліктің құнын бағалау туралы есеп негізінде мұліктің алғашқы, бастапқы және ең төменгі бағалары айқындалады;
- 3) алып тасталды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 14.10.2022 № 1063 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйректермен.
- 4) сауда-саттықты өткізу мерзімі белгіленеді;
- 5) сауда-саттықты өткізу туралы хабарлама жарияланады;
- 6) кепілдік журналар қабылданады;
- 7) қатысуышыларды тіркеу жүргізіледі;
- 8) сатып алу-сату шартының жобасын дайындау жүзеге асырылады.

Ескерту. 16-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 14.10.2022 № 1063 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйректермен.

17. Комиссия мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- 1) өз жұмысының регламентін дербес әзірлейді;

2) мемлекеттік заңды тұлғалардың өтініштері мен оларға қоса берілген құжаттарды қарайды және тиісті шешім қабылдайды;

3) бағалаушы ұсынған мүлік құнын бағалау туралы есеп негізінде мүліктің алғашқы бағасын белгілеу туралы шешім қабылдайды;

4) мүлікті сауда-саттыққа одан әрі қою орындылығы туралы шешім қабылдайды;

5) биржалық сауда-саттыққа акцияларды қою мерзімі мен ұзақтығы, сатудың шекті мерзімі мен биржалық сауда-саттықтан алу күні туралы шешім қабылдайды;

6) қор биржаларында мемлекет меншігіне айналдырылған бағалы қағаздарды өткізу кезінде брокерлік компанияның ұсынымы бойынша сауда-саттық әдісін айқындайды.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 27.05.2021 № 494 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. Сатуышының функциялары:

1) тәуелсіз бағалаушыларды тарта отырып, Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы заңнамасына сәйкес мүліктің құнына бағалау жүргізуді қамтамасыз ету ;

2) мүлікті сауда-саттыққа дайындауды жүзеге асыру;

3) сауда-саттық өткізу мерзімін белгілеу;

4) сауда-саттық өткізуді қамтамасыз ету;

5) мүліктің алғашқы, бастапқы және ең төменгі бағаларын, кепілдік жарна сомасын айқындау;

6) Қазақстан Республикасының немесе шет мемлекеттердің аумағында жұмыс істейтін қор биржаларында (бұдан әрі – қор биржалары) мемлекет меншігіне айналдырылған бағалы қағаздарды сатуды қамтамасыз ету;

7) алып тасталды – ҚР Қаржы министрінің 27.05.2021 № 494 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8) комиссия шешімінде биржалық сауда-саттыққа акцияларды қою мерзімі мен ұзақтығын, сатудың шекті мерзімдері мен биржалық сауда-саттықтан алу күнін анықтау;

9) мүлікті сауда-саттықтан алу туралы шешім қабылдау;

10) сауда-саттықты ұйымдастыру және жүргізу барысына бақылауды жүзеге асыру;

11) аукцион жеңімпаздарымен сатып алу-сату шарттарын жасасу;

12) сатып алушылармен, ұйымдастырушылармен, сауда ұйымдарымен есептесуді жүзеге асыру;

13) сауда ұйымдары үшін талаптарды белгілеу;

14) мүлікті сату үшін қажетті басқа да іс-шараларды жүргізу болып табылады.

Ескерту. 18-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Қаржы министрінің 27.05.2021 № 494 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18-1. Алкоголь өнімін өткізу ол "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасы кодексінің, "Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы" және "Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкес келетін, сондай-ақ сапа және қауіпсіздік көрсеткіштеріне сәйкестігі туралы сараптама (зертханалық сынау, зерттеу) қорытындысы болған кезде жүзеге асырылады.

Мұнай өнімдерін өткізу немесе мемлекеттік заңды тұлғалардың тенгеріміне беру мен бекіту олар "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасы кодексінің, "Техникалық реттеу туралы" және "Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкес келетін, сондай-ақ сапа және қауіпсіздік көрсеткіштеріне сәйкестігі туралы сараптама (зертханалық сынау, зерттеу) қорытындысы болған кезде жүзеге асырылады.

Аталған мүліктің сараптамасы (зертханалық сынау, зерттеу) сотқа дейінгі іс жүргізу және сот талқылауы сатысында жүргізілмеген, сондай-ақ егер оны жүргізу бойынша шығындар бағалау құнынан аспайтын кезде, уәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы орган оны жүргізуді қамтамасыз етеді.

Ескерту. 18-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 23.12.2019 № 1405 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 14.10.2022 № 1063 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

18-2. Республикалық меншікке айналдырылған (түскен) мүліктің сараптамасы (зертханалық сынау, зерттеу) бойынша жұмысты ұйымдастыруды уәкілетті орган жүргізеді.

Коммуналдық меншікке айналдырылған (түскен) мүліктің сараптамасы (зертханалық сынау, зерттеу) бойынша жұмысты ұйымдастыруды жергілікті атқарушы орган жүргізеді.

Мүліктің сараптамасы (зертханалық сынау, зерттеу) бойынша қызметтерді жеткізушіні таңдау Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 18-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 23.12.2019 № 1405 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

19. Сауда-саттық өткізілетіндігі туралы хабарлама ол өткізілгенге дейін кемінде күнтізбелік он бес күн бұрын қазақ және орыс тілдерінде тізілімнің веб-порталында жарияланады.

Сауда-саттық өткізу туралы хабарлама мынадай мәліметтерді:

- 1) сауда-саттықтың өткізілетін күнін және уақытын;
- 2) сауда-саттықтың әдісін;
- 3) мұлік туралы мәліметтерді (сандық және сапалық жағынан өлшенетін және салыстырылатын);
- 4) шектеулер мен ауыртпалықтардың жоқ/бар екендігі туралы мәліметтерді.
- 5) бастапқы, ал бағаны тәмендету әдісін қолдана отырып аукцион өткізілген кезде аукционға қойылатын мүліктің ең тәменгі бағасын;
- 6) кепілдік жарнаның сомасын аудару үшін кепілдік жарнаның мөлшері мен банктік деректемелерді;
- 7) өтінімдерді қабылдау мерзімін;
- 8) сауда-саттықты өткізу, оның ішінде сауда-саттыққа қатысады ресімдеу, сауда-саттық женімпазын анықтау шарттары туралы тәртіпті;
- 9) сауда-саттықты ұйымдастырушының телефоны мен орналасқан жерін;
- 10) сатушының шешімі бойынша қосымша ақпаратты қамтуы тиіс.

Ескерту. 19-тармаққа өзгеріс енгізілді – КР Қаржы министрінің 05.05.2017 № 293 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.05.2021 № 494 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

20. Қор биржаларында мемлекет меншігіне айналдырылған бағалы қағаздарды сату туралы хабарлама мынадай мәліметтерді:

- 1) биржалық сауда-саттықтың басталатын күні мен уақытын;
- 2) биржалық сауда-саттықтың өткізілетін орнын;
- 3) бағалы қағаздар эмитентінің атауын;
- 4) эмитент туралы мәліметтерді;
- 5) сатылатын бағалы қағаздардың санын;
- 6) биржалық сауда-саттықты ұйымдастырушының телефоны мен орналасқан жерін;
- 7) сатушының шешімі бойынша қосымша ақпаратты қамтиды.

21. Сауда-саттықты өткізу туралы хабарлама жарияланғанға дейін сатушы тізілімге мынадай құжаттардың:

- 1) мүліктің құнын бағалау туралы есептің;
- 2) жекелеген файлдармен енгізілетін мүліктің әрбір түрі бойынша суреттердің, ал жылжымайтын мұлік пен көлік құралы үшін әртүрлі жағынан түсірілген кемінде бес суреттің;

3) Есепке алу қағидаларының 6-тармағының 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттардың электрондық көшірмелерін тізілімге енгізуді қамтамасыз етеді.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 05.05.2017 № 293 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

22. Бірыңғай оператор осы Қағиданың 19 және 21-тармақтарында көрсетілген мәліметтер мен құжаттардың деректер қорына сатушы енгізген сәттен бастап бір жұмыс күні ішінде тізілімнің веб-порталына хабарламаны қатесіз және осы Қағидада белгіленген талаптарға сәйкес жариялауды қамтамасыз етеді.

Бірыңғай оператор тізілімнің веб-порталын пайдаланушыларға, оның ішінде облыс орталықтарында және республикалық маңызы бар қалаларда орналасқан аумақтық бөлімшелер арқылы консультациялық көмек көрсетеді.

23. Хабарлама жарияланғаннан кейін сатушы тізілімнің веб- порталы арқылы сатып алуға ниет білдірушілердің мүлікті көруге, сондай-ақ мүлік туралы ақпаратқа еркін қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

Тізілімнің веб- порталында сауда-саттық өткізілетіндігі туралы хабарлама жариялаганнан кейін сатушы өзінің интернет-ресурсында және (немесе) әлеуметтік желілер алаңдарында тізілімнің веб- порталында жарияланған хабарламаға сілтемені көрсете отырып, сауда –саттықты өткізу туралы ақпараттық хабарламаны қосымша орналастырады.

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 30.04.2025 № 212 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

24. Сауда-саттықтан объектіні алып тастау туралы хабарлама қазақ және орыс тілдерінде тізілімнің веб- порталында оны өткізгенге дейін кемінде үш жұмыс күні ішінде жарияланады.

Мемлекет меншігіне айналдырылған бағалы қағаздарды қор биржаларындағы сауда-саттықтан алып тастау туралы хабарлама оны өткізуге дейін кемінде үш жұмыс күні ішінде мерзімді баспа басылымдарында және тізілімнің веб- порталында қазақ және орыс тілдерінде жарияланады.

25. Сауда-саттыққа қатысуға өтінім (бұдан әрі – өтінім) беру үшін қатысушылар кепілдік жарнаны бірыңғай оператордың хабарламада көрсетілген банктік деректемелеріне енгізеді. Кепілдік жарнаны қатысушы не оның атынан кез келген басқа жеке немесе заңды тұлға енгізеді.

Кепілдік жарнаны енгізген кезде төлем құжатында төлем мақсатында қатысушының жеке сәйкестендіру нөмірін (бұдан әрі – ЖСН) немесе бизнес сәйкестендіру нөмірін (бұдан әрі – БСН) көрсету қажет.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 24.12.2018 № 1106 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

26. Сауда-саттықта жеңген және сатып алу-сату шартын жасасқан қатысуышының кепілдік жарнасы сатып алу-сату шарты бойынша тиесілі төлемдер есебіне жатқызылады.

Егер кепілдік жарна сомасы сату бағасынан асатын жағдайда, бірынғай оператор сатушы мен сатып алушы сатып алу-сату шартын жасасқан күні жеңімпаздың электрондық әмиянында айырmasы бұғattan шығарылады.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 24.12.2018 № 1106 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 30.04.2025 № 212 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

27. Кепілдік жарнаны сатушы:

1) жеңімпазға – сауда-саттық нәтижелері туралы хаттамаға не сатып алу-сату шартына қол қоймаған жағдайларда;

2) сатып алушыға – сатып алу-сату шарты бойынша міндеттемелер орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған жағдайда қайтармайды.

Барлық қалған жағдайларда жеңімпаздың электрондық әмиянында кепілдік жарна сомасына тең ақша қаражаты сауда-саттық өткізілген күні бұғattan шығарылады. Кепілдік жарна сомасына тең ақша қаражаты электрондық әмияннан сауда-саттық қатысуышы ақша қаражатын қайтару өтінішінде көрсетілген деректемелерге қайтарылады.

Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 27.05.2021 № 494 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 30.04.2025 № 212 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

28. Сауда-саттыққа қатысуышыларды тіркеу хабарлама жарияланған күннен бастап жүргізіледі және сауда-саттық басталғанға дейін 5 (бес) минут бұрын аяқталады, ол аяқталғаннан кейін қатысуышылар берген өтінімдер кері қайтарылмайды.

Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 14.10.2022 № 1063 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

29. Сауда-саттыққа қатысу үшін мыналарды:

1) жеке тұлғалар үшін: ЖСН-ін, тегін, атын және әкесінің атын (бар болған жағдайда);

2) занды тұлғалар үшін: БСН-ін, толық атауын, бірінші басшының тегін, атын және әкесінің атын (бар болған жағдайда);

3) кепілдік жарнаны қайтару үшін екінші деңгейдегі банктегі есеп айырысу шотының деректемелерін;

4) байланыс деректерін (почталық мекенжайы, телефоны, факс, e-mail) көрсете отырып, тізілімнің веб-порталында алдын ала тіркелу қажет.

Жоғарыда көрсетілген деректер өзгерген кезде қатысушы 1 (бір) жұмыс күні ішінде тізілімге енгізілген деректерге тиісті өзгерістер енгізеді.

Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 27.05.2021 № 494 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

30. Аукционға қатысушы ретінде тіркелу үшін қатысушының ЭЦК-мен қол қойылған осы Қағидаға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мүлікті сату бойынша қатысуға өтінімді тізілімнің веб- порталында тіркеу қажет.

Ескерту. 30-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 28.08.2023 № 904 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

31. Сауда-саттықтың жеңімпазы сатып алу-сату шартына қол қойған кезде сатушыға салыстырып тексеру үшін мынадай құжаттардың:

1) жеке тұлғалар үшін: жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың;

2) занды тұлғалар үшін: занды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің не анықтаманың;

занды тұлға өкілінің өкілеттіктерін куәландыратын құжаттың, сондай-ақ занды тұлғаның өкілінің жеке басын куәландыратын құжаттың тұпнұсқаларын міндettі түрде көрсете отырып, олардың көшірмелерін не нотариатта куәландырылған көшірмелерін ұсынады.

32. Сатушыға және бірыңғай операторға Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, сауда-саттықты дайындау және оны өткізу дің бүкіл кезеңінің ішінде сауда-саттыққа қатысушыларға қатысы бар ақпаратты жариялауға жол берілмейді.

33. Сауда-саттыққа қатысуга өтінім тіркелгеннен кейін тізілімнің веб- порталы 3 (үш) минут ішінде өтінім берілген мүлік бойынша кепілдік жарна сомасына тең ақша қаражатының электрондық әмиянда болуы тұрғысынан автоматты түрде тексеру жүргізеді.

Қатысушының осы Қағидалардың 29 және 30-тармақтарында көрсетілген талаптарды сақтамауы, сондай-ақ сауда-саттықты өткізу туралы хабарламада көрсетілген кепілдік жарна сомасына тең ақша қаражатының сауда-саттық басталғанға дейін 5 (бес) минут бұрын электрондық әмиянда болмауы тізілім веб- порталының өтінімді қабылдаудан бас тарту үшін негіздер болып табылады.

Электрондық әмиянда мүлікке берілген өтінім бойынша кепілдік жарна сомасына тең ақша қаражаты болған кезде, тізілімнің веб-порталы сауда-саттық нәтижелерін айқындағанға дейін электрондық әмиянда кепілдік жарна сомасына тең ақша қаражатын бұғаттайды, өтінімді қабылдауды және қатысуышыны сауда-саттыққа жіберуді жүргізеді. Электрондық әмиянда кепілдік жарна сомасына тең ақша қаражаты болмаған кезде, тізілімнің веб- порталы қатысуышының өтінімін кері қайтарады.

Тізілімнің веб-порталы автоматты тексеру нәтижелері бойынша тізілімнің веб- порталында көрсетілген қатысуышының электрондық мекенжайына өтінімді қабылдау не өтінімді қабылдаудан бас тарту себептері туралы электрондық хабарлама жібереді.

Аукционға жіберілген қатысуышыға тізілімнің веб- порталы беретін аукцион нөмірі бойынша аукцион залына кіруге рұқсат беріледі.

Ескерту. 33-тармақ жаңа редакцияда - КР Қаржы министрінің 30.04.2025 № 212 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

34. Тізілімнің веб- порталы сауда-саттықты өткізу басталғанға дейін кемінде 5 (бес) минут бұрын аукционға қатысу үшін электрондық өтінімді кері қайтарған қатысуышының аукциондық нөмірін жояды.

Ескерту. 34-тармақ жаңа редакцияда - КР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 14.10.2022 № 1063 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

35. Аукцион екі әдіспен:

- 1) бағаны көтеру;
- 2) бағаны төмендету арқылы өткізіледі.

Бағаны көтеру әдісін қолдана отырып аукцион өткізген кезде мүліктің бастапқы бағасы мүліктің алғашқы бағасына тең болады.

Бағаны төмендету әдісін қолдана отырып аукцион өткізген кезде мүліктің бастапқы бағасы алғашқы бағаны 3-ке (үшке) тең арттыру коэффициентіне көбейту жолымен айқындалады.

Бірінші сауда-саттыққа мүлік аукционға бағаны көтеру әдісі қолданыла отырып шығарылады.

Екінші сауда-саттыққа мүлік аукционға бағаны төмендету әдісі қолданыла отырып, алғашқы бағаның 50 (елу) пайзы мөлшеріндегі ең төмен баға белгілене отырып шығарылады.

Егер мүлік екінші сауда-саттықта өткізілмеген жағдайда, онда ол Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес айқындалған сауда үйымына ол болған кезде алғашқы бағадан 50 (елу) пайыз мөлшеріндегі баға бойынша сатуға беріледі.

Осы тармақтың алтыншы бөлігінің ережелері мүліктің мынадай түрлеріне: жылжымайтын мүлік объектілеріне, мүліктік кешендерге, зауыттарға, көлік құралдарына, ауыл шаруашылығы және арнайы техникаға, жануарларға, мұнайға, мұнай өнімдеріне және қайта өндеу өнімдеріне (шикі мұнайды және газ конденсатын қайта өндеу өнімдеріне), жабдыққа, жарғылық капиталдардағы қатысу үлестеріне қолданылмайды.

Ескерту. 35-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 27.05.2021 № 494 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

36. Ушінші сауда-саттыққа мүлік аукционға бағаны төмендету әдісі қолданыла отырып, алдыңғы сауда-саттықтың ең төменгі бағасының 50 (елу) пайзы мөлшеріндегі ең төмен баға белгіленіп шығарылады.

Төртінші және одан кейінгі сауда-саттыққа мүлік аукционға бағаны төмендету әдісі қолданыла отырып, 1 (бір) теңге мөлшерінде ең төмен баға белгіленіп шығарылады.

Аукцион нысанындағы кейінгі әрбір сауда-саттық алдыңғы аукцион күнінен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмей өткізіледі.

Ескерту. 36-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 27.05.2021 № 494 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

37. Аукционға қатысушылар аукцион басталғанға дейін бір сағат ішінде ЭЦҚ мен аукцион нөмірін пайдалана отырып, аукцион залына кіреді. Аукцион мүліктің бастапқы бағасын аукцион залында автоматты түрде орналастыру жолымен аукцион өткізу туралы хабарламада көрсетілген Астана қаласының уақыты бойынша басталады.

Аукцион Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген мереке және демалыс күндерін қоспағанда, сейсенбіден бастап жұма аралығында аукцион залында өтеді. Аукцион Астана қаласының уақыты бойынша сағат 10:00-ден бастап сағат 17:00-ге дейінгі кезеңде өткізіледі, бұл ретте аукцион Астана қаласының уақыты бойынша сағат 15:00-ден кешіктірілмей басталады.

Ескерту. 37-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 14.12.2022 № 1277 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

38. Мүлік бойынша аукцион басталған сәтте тіркелген қатысушылар болмаған жағдайда, осы мүлік бойынша аукцион өтпеді деп танылады және сатушы тізілімде қалыптастырылатын аукционның өткізілмегені туралы актіге қол қояды.

Ескерту. 38-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 27.05.2021 № 494 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

39. Егер аукцион залында бағаны көтеру аукционы басталған сәттен бастап 20 (жиырма) минут ішінде қатысушылардың бірде-біреуі мүлікті бастапқы баға бойынша

сатып алу ниетін растамайтын болса, онда осы мүлік бойынша бағаны көтеру аукционы өткізілмеді деп танылады.

Егер мүліктің бағасы белгіленген ең тәменгі мәлшерге жетсе және тіркелген қатысуышылардың бірде-біреуі мүлікті сатып алу ниетін растамаса, онда бағаны тәмендегі аукционы өткізілмеді деп танылады.

Егер бағаны тәмендегі аукционы аяқталатын сәтте сағат 17:00-де аукцион жеңімпазы айқындалмаса, онда осы мүлік бойынша аукцион өтпеді деп танылады.

Аталған Қағиданың осы тармағында көзделген жағдайларда сатушы тізілімде қалыптастырылатын өткізілмеген аукцион туралы актіге қол қояды және осы мүлік өткізілмеген сауда-саттық шарттарымен сауда-саттыққа қайтадан шығарылады.

Ескерту. 39-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 27.05.2021 № 494 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

40. Бағаны өзгерту қадамы былайша белгіленеді:

1) сату объектінің бастапқы немесе ағымдағы бағасы айлық есептік көрсеткіш мәлшерінің 20 000 еселенгеніне дейінгі мәлшерде болған кезде өзгерту қадамы бағаны көтеру аукционында – 10 (он) пайыз мәлшерінде және бағаны тәмендегі аукционында 5 (бес) пайыз мәлшерінде белгіленеді;

2) сату объектінің бастапқы немесе ағымдағы бағасы айлық есептік көрсеткіш мәлшерінің 20 000 еселенгенінен бастап 50 000 еселенгеніне дейінгі мәлшерде болған кезде өзгерту қадамы бағаны көтеру аукционында – 7 (жеті) пайыз мәлшерінде және бағаны тәмендегі аукционында 5 (бес) пайыз мәлшерінде;

3) сату объектінің бастапқы немесе ағымдағы бағасы айлық есептік көрсеткіш мәлшерінің 50 000 еселенгенінен бастап 100 000 еселенгеніне дейінгі мәлшерде болған кезде өзгерту қадамы 5 (бес) пайыз мәлшерінде белгіленеді;

4) сату объектінің бастапқы немесе ағымдағы бағасы айлық есептік көрсеткіш мәлшерінің 100 000 еселенгенінен бастап 250 000 еселенгеніне дейінгі мәлшерде болған кезде өзгерту қадамы бағаны көтеру аукционында – 2,5 (екі бүтін оннан бес) пайыз мәлшерінде және бағаны тәмендегі аукционында 5 (бес) пайыз мәлшерінде белгіленеді;

5) сату объектінің бастапқы немесе ағымдағы бағасы айлық есептік көрсеткіш мәлшерінің 250 000 еселенгенінен бастап 500 000 еселенгеніне дейінгі мәлшерде болған кезде өзгерту қадамы бағаны көтеру аукционында 1 (бір) пайыз мәлшерінде және бағаны тәмендегі аукционында 5 (бес) пайыз мәлшерінде белгіленеді;

6) сату объектінің бастапқы немесе ағымдағы бағасы айлық есептік көрсеткіш мәлшерінің 500 000 еселенген мәлшерінде және одан жоғары болған кезде өзгерту қадамы бағаны көтеру аукционында 0,5 (нөл бүтін оннан бес) пайыз мәлшерінде және бағаны тәмендегі аукционында 5 (бес) пайыз мәлшерінде белгіленеді.

Ескерту. 40-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 27.05.2021 № 494 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

41. Бағаны көтеру әдісін қолдана отырып аукцион өткізу:

1) егер аукцион залында бастапқы баға расталған сәттен бастап 20 (жиырма) минут ішінде қатысуышылардың бірі мүліктің бастапқы бағасын осы Қағиданың 40-тармағына сәйкес белгіленген қадамға арттыру жолымен мүлікті сатып алуға өзінің ниетін растайтын болса, онда бастапқы баға белгіленген қадамға артады;

2) егер аукцион залында бастапқы баға расталған сәттен бастап 20 (жиырма) минут ішінде қатысуышылардың бірде-біреуі бастапқы бағаны арттыру жолымен мүлікті сатып алуға өзінің ниетін растамайтын болса, онда бастапқы бағаны растиған қатысуышы жеңімпаз болып танылады, ал осы мүлік бойынша аукцион өткізілген болып танылады;

3) егер ағымдағы баға артқаннан кейін 20 (жиырма) минут ішінде қатысуышылардың бірде-біреуі ағымдағы бағаны арттыру жолымен мүлікті сатып алу ниетін растамайтын болса, онда мүлікті сатып алу ниетін соңғы растиған қатысуышы жеңімпаз болып танылады, ал осы мүлік бойынша аукцион өткізілген болып танылады;

4) егер бағаны көтеру аукционы аяқталатын сәтте сағат 17:00-де аукцион жеңімпазы айқындалмаса, онда мүлікті сатып алу ниетін растиған соңғы қатысуышы жеңімпаз деп танылады және осы мүлік бойынша аукцион өткізілген болып танылады.

Бағаны көтеру әдісін қолдана отырып аукцион қатысуышылардың біреуі ұсынған ең жоғары бағаға дейін жүргізіледі.

Бір ғана қатысуышы қатысқан бағаны көтеру аукционы, егер қатысуышы бастапқы бағаны растаса, өтті деп танылады.

Ескерту. 41-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 27.05.2021 № 494 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

42. Бағаны төмендету әдісін қолдана отырып аукцион өткізу:

1) егер аукцион басталған сәттен бастап 2 (екі) минут ішінде қатысуышылардың бірде-біреуі аукционда мүлікті сатып алу ниетін растамайтын болса, мүліктің бастапқы бағасы осы Қағиданың 40-тармағына сәйкес белгіленген қадамға азаяды;

2) егер баға азайғаннан кейін 2 (екі) минут ішінде қатысуышылардың бірде-біреуі мүлікті сатып алу ниетін растамайтын болса, мүліктің соңғы ағымдағы бағасы белгіленген қадаммен азаяды.

Ағымдағы баға бойынша мүлікті сатып алуға өзінің ниетін бірінші болып растиған қатысуышы бағаны төмендету әдісін қолдана отырып аукцион жеңімпазы болып танылады және осы мүлік бойынша аукцион өткізілген болып танылады.

Бір ғана қатысуышы қатысқан бағаны төмендету аукционы, егер қатысуышы жарияланған бағаны растаса, өтті деп танылады.

Ескерту. 42-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 27.05.2021 № 494 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

43. Әрбір сатылған мұлік бойынша аукцион нәтижелері сауда-саттық нәтижелері туралы электрондық хаттамамен ресімделеді, оған сатушы және жеңімпаз ЭЦҚ-ны пайдалана отырып, аукцион өткізілген күні тізілімнің веб-порталында қол қояды.

44. Сауда-саттық нәтижелері туралы хаттама аукцион нәтижелерін және жеңімпаз берін сатушының мүлікті сату бағасы бойынша сатып алу-сату шартына қол қою міндеттемелерін белгілейтін құжат болып табылады.

45. Сатып алу-сату шартына сауда-саттық өткізілген күннен бастап құнтізбелік 10 (он) күннен аспайтын мерзімде тізілімде ЭЦҚ пайдалана отырып сатушы және жеңімпаз қол қояды. Шартта сауда-саттық нәтижелері туралы хаттамаға шартты жасасу негіздемесі ретінде сілтеме көрсетіледі.

Сатып алу-сату шартын сатушы қалыптастырады және сауда-саттық өткізілген күннен бастап құнтізбелік 5 (бес) күннен кешіктірілмейтін мерзімде жеңімпазға келісуге жібереді.

Ескерту. 45-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 27.05.2021 № 494 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

46. Жеңімпаз сауда-саттық нәтижелері туралы хаттамаға не сатып алу-сату шартына осы Қағиданың 43 және 45-тармақтарында көрсетілген мерзімдерде қол қоймаған жағдайда, сатушы тізілімнің веб- порталы қалыптастыратын сауда-саттық нәтижелерінің күшін жою туралы актіге қол қояды және аталған мұлік күшін жойған сауда-саттық талаптарымен сауда-саттыққа қайта шығарылады.

Ескерту. 46-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 24.12.2018 № 1106 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

47. Бірыңғай оператор:

1) тізілім веб- порталының қызмет етуін қамтамасыз етеді, сондай-ақ сауда-саттыққа қатысуышылардың кепілдік журналарын қабылдайды;

2) тізілімнің веб- порталында ЭЦҚ-ны пайдалана отырып сатушы қол қойған кепілдік журнаны аударуға өтініштің негізінде сауда-саттықта жеңген қатысуышының электрондық әмиянда бұғаттан шығарылған кепілдік журнасын тиісті бюджетке немесе Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорына 3 (үш) жұмыс күні ішінде аударады;

3) бірыңғай операторға өтінім берген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күннен кешіктірмейтін мерзімде тізілімнің веб- порталында ЭЦҚ пайдалана отырып қатысуышылар қол қойған ақша қаражаттарын аударуға өтінім негізінде сауда-саттықтың қатысуышыларына электрондық әмиянынан ақша қаражаттарын қайтарады;

4) қатысушылардың келесі сауда-саттыққа қатысуға өтінім беру үшін электрондық әмиянда бұғатталмаған ақша қаражатын бірнеше рет пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Ескерту. 47-тармақ жаңа редакцияда - КР Қаржы министрінің 30.04.2025 № 212 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

48. Сауда-саттық барысында сауда-саттыққа қатысуға кедергі болатын техникалық ақаулықтар туындаған кезде қатысушы:

1) тізілім веб-порталымен орнықты байланыс жоғалған кезден бастап 30 секунд ішінде сауда-саттыққа қатысушының мониторында бірыңғай оператордың байланыс деректері бар электрондық хабарламаны шығару жолымен хабардар етеді;

2) бұл туралы бірыңғай оператордың байланыс деректері бойынша телефон немесе электрондық хабарлама арқылы дереу хабардар етеді.

49. Бірыңғай оператор техникалық ақаулықтардың болу фактісін тіркейді және олар тізілім веб-порталы жағында болған кезде ақпаратты тізілім веб-порталында орналастыру жолымен сауда-саттыққа қатысушылардың барлығын хабардар етеді.

50. Қатысушының компьютерлік және/немесе телекоммуникация жабдығының техникалық ақаулықтары болғанда аукцион жалғаса береді.

51. Сауда-саттықты жүргізуге немесе сауда-саттық жүргізу рәсіміне кедергі болатын осы Қағиданың 49-тармағында көрсетілген тізілім веб-порталының техникалық ақаулықтары фактісі болған жағдайда, бірыңғай оператор бұл туралы сатушыға жазбаша түрде хабарлайды және сатушы осы сауда-саттықтың жалғастырылатын күні мен уақыты туралы ақпаратты тізілім веб-порталында орналастыру және тізілімнің веб-порталында көрсетілген қатысушының электрондық мекенжайына электрондық хабарлама жіберу арқылы сауда-саттыққа қатысқан қатысушыларды алдын ала міндетті түрде хабардар ете отырып, аукционды бірыңғай оператор техникалық ақаулықты жойған күннен кейінгі келесі жұмыс күніне ауыстырады.

52. Аукционды ұтқан тұлға сауда-саттық нәтижелері туралы хаттамаға немесе сатып алу-сату шартына қол қоймаған кезде Мемлекеттік мұлік туралы заңның 101-бабының 6-тармағына сәйкес өзі енгізген кепілдік жарнасын жоғалтады және сатушыға кепілдік жарнамен жабылмаған бөлігінде оның іс жүзінде шеккен залалын өтейді.

Ескерту. 52-тармақ жаңа редакцияда - КР Қаржы министрінің 30.04.2025 № 212 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

53. Сатып алу-сату шарты бойынша есеп айырысулар сатушы мен сатып алушы арасында жүргізіледі, бұл ретте сатып алушы есеп айырысуларды мынадай тәртіппен жүргізеді:

1) аванстық төлем мүліктің сату бағасының кемінде он бес пайызы мөлшерінде сатып алу-сату шартына қол қойылған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде тиісті бюджетке немесе Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорына енгізіледі. Кепілдік жарна тиесілі аванстық төлем есебіне есептеледі;

2) қалған сома тараптардың уағдаластығы бойынша, бірақ сатып алу-сату шартына қол қойылған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірілмей тиісті бюджетке немесе Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорына енгізіледі.

Ескерту. 53-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 09.02.2023 № 150 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

54. Авансстық немесе түпкілікті төлем кешіктірілген не сатып алушы белгіленген мерзімде қабылдау-тапсыру актісіне қол қоймаған жағдайларда, сатушы сатып алушыға кепілдік жарнамен жабылмаған бөлігінде нақты шығындарды өтеу туралы талаптар қоя отырып, сатып алу-сату шартын біржақты тәртіппен бұзады.

Сатушы сатып алу-сату шартын бұзған кезде тізілімнің веб-порталында қалыптастырылатын сауда-саттық нәтижелерінің күшін жою туралы актіге қол қояды, содан кейін мүлік күші жойылған сауда-саттық талаптарымен сауда-саттыққа қайта шығарылады.

Ескерту. 54-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 30.04.2025 № 212 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

55. Мемлекет меншігіне айналдырылған бағалы қағаздарды қоспағанда, сатып алушыға мүлікті беру сатып алу-сату шарты бойынша сату бағасын сатып алушы толық төлегеннен кейін он жұмыс күні ішінде қабылдап алу-беру актің бойынша жүргізіледі.

Қабылдап алу-беру актің мемлекеттік және орыс тілдерінде екі данада (еркін нысанда) жасалады, қол қойылғаннан кейін сатушы екі жұмыс күні ішінде тізілімге енгізеді, оның біреуі сатушыда сақталады, ал екіншісі сатып алушыға беріледі.

Ескерту. 55-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 05.05.2017 № 293 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - 24.12.2018 № 1106 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

56. Қор биржаларында мемлекет меншігіне айналдырылған бағалы қағаздарды сатуды сатушы брокерлік компанияны тарта отырып жүзеге асырады.

57. Мемлекет меншігіне айналдырылған акцияларды сату кезінде сатып алушы – акционерлік қоғам, егер соңғысы сатып алушының акцияларына Қазақстан Республикасының Заңнамасына сәйкес иелік етсе, акционерлік қоғам акцияларының жиырма бес пайызынан астамын сатып ала алмайды.

58. Бағалы қағаздарды сатуға құқылы брокерлік компанияны айқындауды Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес сатушы жүзеге асырады.

59. Мемлекет меншігіне айналдырылған бағалы қағаздарды сату кезінде қор биржасында оларды сатуға байланысты сатушы мен брокерлік компания арасында туындаитын қарым-қатынастар тиісті шартпен реттеледі.

60. Қор биржасының сауда-саттық жүйелерінде бағалы қағаздарды сату тиісті қор биржасының биржалық сауда-саттық қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

61. Бағалы қағаздарды сатып алу-сату бойынша есеп айырысулар сатып алу-сату шартына қол қойылған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей жүргізілуі тиіс.

62. Бағалы қағаздар үшін төлемнің мерзімі өткен жағдайда сатушыға тиісінше хабарламадан кейін шартты бір жақты тәртіппен бұзуға және сатып алушыдан нақты жұмсалған шығындарды өтеу туралы талап етуге жол беріледі.

63. Бағалы қағаздарды беру сатып алушы сатып алу-сату шарты бойынша сату бағасын толық төленгеннен кейін бағалы қағаздарды аудару туралы бұйрыққа қол қою жолымен жүргізіледі.

64. Жылжымайтын мүлікті сату кезінде Қазақстан Республикасының Жер кодексіне сәйкес жер участкесіне құқық сатып алушыға өтеді.

Ескерту. 64-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 14.10.2022 № 1063 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

65. Бөлшектелген көлік құралдары, өнеркәсіптік және өзге де жабдық, құрылышы аяқталмаған объектілер не мәні жағынан ұқсас басқа да мүлік қосалқы бөлшектер немесе қара және түсті металдардың сынықтары ретінде бағаланады және сатылады.

4-тарау. Мүлікті сатудан алынған қаражат

66. Мүлікті сатудан алынған қаражат, сондай-ақ осы Қағиданың 27-тармағында көрсетілген негіздер бойынша қайтарылмаған кепілдік журналар сомасы туралы және қазынашылықтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінен алынған мәліметтерді сатушы сатып алу-сату шарты бойынша сату бағасын сатып алушы төлеген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде тізілімге енгізеді.

Ескерту. 66-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 24.12.2018 № 1106 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

67. Мүлікті сату бойынша сауда-саттықты дайындау және өткізу бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

68. Бірыңгай оператордың қызметтеріне ақы төлеу сатушының мүлікті сату бойынша сауда-саттықты дайындауға және өткізуге жұмсайтын шығыстарына қосылады.

5-тарау. Ең тәменгі баға бойынша сатылмаған мүлікті пайдалану және жою

69. Пайдалануға жарамды, ең тәменгі баға бойынша сатылмаған мүлік Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 шілдедегі № 833 қаулысымен бекітілген Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдалану қағидаларына сәйкес әлеуметтік қызметтердің субъектілеріне өтеусіз ұсынылады.

Ескерту. 69-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 30.04.2025 № 212 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Әлеуметтік қызметтердің субъектілеріне мүлікті беру осы Қағиданың 7-тармағында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

6-тарау. Мүлікті жою тәртібі

70. Ең тәменгі бағамен сатылмаған және әлеуметтік қызмет субъектілері талап етпеген мүлік, сапасы мен қауіпсіздігіне нормативтік құжаттарда қойылатын талаптарға сәйкес келмейтін азық-түлік шикізаты, тамақ өнімдері, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және санитариялық-эпидемиологиялық қағидаларға, нормаларға және гигиеналық нормативтерге сәйкес келмейтін, сәйкестендіру құралдарының өткізілетін темекі бұйымдары мен құрамында шығарылған елі белгісіз темекі бар басқа да бұйымдар және тасымалдауға, сақтауға, өткізуға, санитариялық-эпидемиологиялық сараптама мен сертификаттауды жүргізуға байланысты шығындары өздерінің бағалау құнынан асып түсетін өзге де мүлік, сондай-ақ одан әрі пайдалануға жарамсыз мүлік мүлікті жою туралы комиссияның шешімі болған кезде үәкілетті органның немесе жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша жойылады.

Жою рәсімі комиссия мүшелерінің қатысуымен фототүсірілім және бейнежазба қолданыла отырып тіркеледі.

Фото және бейне тіркеу мүлікті сақтау орындарынан тиеуді, жою орнына дейін тасымалдауды және тіkelей мүлікті жою процесін қоса алғанда, цифрлық фотоаппаратқа және цифрлық бейнекамераға жүзеге асырылады.

Үәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы орган мүлік жойылған күннен бастап 24 (жиырма төрт) ай ішінде фото және бейне тіркеу материалдарының цифрлық форматта сақталуын қамтамасыз етеді.

Үәкілетті органның немесе жергілікті атқарушы органның басшысы фото және бейне тіркеу материалдарын сақтауға жауапты қызметкерді айқындайды.

Мүлікті жою қорытындылары бойынша мүлікті жою жөніндегі қызметтерді көрсетушінің өкілі (-дері), сондай-ақ комиссия мүшелері қол қоятын мүлікті жою туралы акт жасалады.

Егер мүлікті жою кезінде комиссия мүшесінің қатысуы мүмкін емес болса, онда мүлікті жою туралы актіге белгі қойылады және оның болмауының дәлелді себебін растайтын құжаттың көшірмесі қоса беріледі.

Мүлікті жою туралы актіде жасалған күні мен орны, әрбір заттың егжей-тегжейлі сипаттамасы бар мүліктің атауы, өлшем бірлігі, саны (салмағы), бір бірлігі үшін мүліктің құны теңгемен (бар болса), жалпы құны теңгемен (бар болса) көрсетіледі.

Ескерту. 70-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 14.10.2022 № 1063 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

71. Алып тасталды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 14.10.2022 № 1063 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

72. Республикалық меншікке айналдырылған мүлікті жою жөніндегі жұмысты ұйымдастыруды үәкілетті орган жүргізеді.

Коммуналдық меншікке айналдырылған мүлікті жою жөніндегі жұмысты ұйымдастыруды жергілікті атқарушы орган жүргізеді.

Мүлікті жою жөніндегі көрсетілетін қызмет берушінің таңдау Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Мүлікті тәркілеу бөлігінде
қылмыстық іс бойынша сот
ұқімі негізінде не мүлікті
мемлекетке беру туралы шешім
негізінде тыйым салынған
мүлікті өткізу немесе
пайдалану қағидасына
1-қосымша

Мемлекеттік заңды тұлғаларға веб-портал арқылы олардың тәңгеріміне беру үшін ұсынуға жатпайтын мүлік

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 28.08.2023 № 904 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Бағалы қағаздар.
2. Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталдарына қатысу үлестері.

3. Қара және түсті металдардың сынықтары.
 4. Шикі мұнай.
 5. Жануарлар, жануарлардан алынатын шикізат.
 6. Алкоголь өнімдері.
 7. Темекі және темекі өнімдері.
 8. Ұялы телефондар, олардың компоненттері мен керек-жарақтары.
 9. Төлем терминалдары.
 10. Ойын автоматтары.
 11. Ойын жабдықтары мен казино жабдықтары.
 12. Медициналық мақсаттағы көліктен басқа, көлік.
 13. Планшеттер.
 14. Аяқталмаған құрылым объектілері.
15. Әкімшілік-кеңсе объектілерін, инфрақұрылым объектілерін қоспағанда, жылжымайтын мұлік.
16. Кәбіл фрагменттері.
 17. Балық аулау торлары мен құралдары.
 18. Киім заттары.
 19. Аяқ киім.
 20. Барлық түрдегі сағаттар және олардың бөліктері.
 21. Бижутерия.
 22. Декор заттары (суреттер, мұсіншелер, пано, қораптар).
 23. Чемодандар, сөмкелер және оларға ұқсас тауарлар.
 24. Табиғи және жасанды аң терісі және олардан жасалған бұйымдар.
 25. Парфюмерлік және косметикалық өнімдер.
 26. Жем.
 27. Астық.
 28. Минералды шикізат, пайдалы қазбалар.
 29. Агрехимикаттар, пестицидтер.
 30. Азық-түлік тауарлары.
 31. Бөлінген мұлік.
 32. Үлестік меншіктегі мұлік.
33. "Мемлекеттік мұлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 210-бабы 1-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген негіздеме бойынша келіп түскең мұлік.
34. Жойылуға жататын мұлік.

Мұлікті тәркілеу бөлігінде
қылмыстық іс бойынша сот
ұқімі негізінде не мұлікті
мемлекетке беру туралы шешім
негізінде тыйым салынған

мұлікті өткізу немесе
пайдалану қағидасына
2-қосымша
Нысан

Мүлікті беру қажеттілігі туралы қорытынды

Ескеरту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 28.08.2023 № 904 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрекімен.

Теңгеріміне мүлікті бекіту болжанатын мемлекеттік заңды тұлғаның атауы

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген мүліктің тиесілілігінің белгіленген нормативтері мен лимиттері шегінде мемлекеттік заңды тұлғалардан берілетін мүлікке қажеттілікті айқындау (автокөлік құралдары мен жылжымайтын мүлік үшін):

мүліктің атауы _____;

қысқаша сипаттамасы _____;

өлшем бірлігі _____;

саны _____;

тиесілілік нормативін бекіту туралы құқықтық актінің түрі, оның нөмірі мен күні _____;

тиесілілік нормативі (саны, ауданы шаршы метрмен, қозғалтқыш көлемі текше сантиметрмен және басқа) _____;

бухгалтерлік есеп деректері бойынша нақты саны (саны, алаңы шаршы метрмен, қозғалтқыш көлемі текше сантиметрмен және басқа) _____;

мүлікті беру қажеттілігінің негіздемесі _____.

Мүлікті мақсатты пайдалану және мемлекеттік заңды тұлғаларда өндірістік қажеттіліктің болуы: _____.

Қабылданатын мүлікті күтіп-ұстаяу және пайдалану бойынша қаржылық қамтамасыз етілу: _____.

Лауазымы (қолы) Тегі, аты, әкесінің аты (бар болға

Мүлікті тәркілеу бөлігінде
қылмыстық іс бойынша сот
үкімі негізінде не мүлікті
мемлекетке беру туралы шешім
негізінде тыйым салынған
мүлікті өткізу немесе
пайдалану қағидасына
2-1-қосымша

нысан

Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған муліктің тәңгеріміне нақты алу туралы салыстыру актісі

Ескерту. Қағида 2-1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 30.04.2025 № 212 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрекімен.

№	Мұлікті тізімдеу, бағалау және (немесе) қабылдау алу-беру актісінің номірі және күні	Мұлікті камтама сын ету (өткізу) туралы шешімнің номірі мен күні, мұлікті қабылдау у-тапсыру актісі	Уәкілетті органның немесе жергілікті атқарушы органның деректері бойынша мемлекеттік заңды тұлғаның тәңгеріміне берілген (бекітілген)				Мемлекеттік заңды тұлға бойынша тәңгеріміне қабылданған			
Мұліктің атауы	Өлшем бірлігі	Саны	Бағалау құны, тенге	Мұліктің атауы	Өлшем бірлігі	Саны	Бағалау құны, тенге			
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

Осы салыстыру актісі жоғарыда көрсетілген мұліктің _____ (уәкілетті органның/жергілікті атқарушы органның атауы) және _____ тәңгеріміне қабылдағанын (мемлекеттік заңды тұлғаның атауы) растайды.

Уәкілетті органның/жергілікті атқарушы органның атауы:

(Лауазым (қолы) Тегі, аты, әкесінің аты
(ол болған жағдайда)

(Лауазым (қолы) Тегі, аты, әкесінің аты
(ол болған жағдайда)

Мөрдің орны

Мемлекеттік заңды тұлғаның атауы:

(Лауазым (қолы) Тегі, аты, әкесінің аты
(ол болған жағдайда)

(Лауазым (қолы) Тегі, аты, әкесінің аты
(ол болған жағдайда)

Мөрдің орны

Мұлікті тәркілеу бөлігінде қылмыстық іс бойынша сот үкімі негізінде не мұлікті мемлекетке беру туралы шешім негізінде тыым салынған мұлікті өткізу немесе пайдалану қафидасына
3-қосымша
Нысан

20 ____ жылғы " ____ " № ____ комиссиялық тапсырма

Ескерту. Қағида 3-қосымшамен толықтырылды – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 14.10.2022 № 1063 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 28.08.2023 № 904 (

алғашкы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

негізінде әрекет ететін

(құжаттың атауы)

(бұдан әрі – Тапсырыс беруші)

(Тапсырыс берушінің атауы)

атынан _____ бір тараптан

(лауазымы, тегі, аты, әкісінің аты (бар болған жағдайда)

және _____ негізінде әрекет

(құжаттың атауы)

ететін _____ (бұдан әрі – Өнім беруші)

(Өнім берушінің атауы)

атынан _____ екінші тараптан

(лауазымы, тегі, аты, әкісінің аты (бар болған жағдайда)

Көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы 20 ____ жылғы

"____" №____ шартқа (бұдан әрі – Шарт) сәйкес Тапсырыс беруші

Шарт бойынша қызметтер көрсету шенберінде Өнім берушіге

сатуды тапсырады.

(мүліктің атауы)

"Мүліктің өлшемдері (түрлері, саны, сәйкестендіру нөмірлері (бар болса),
бірлігінің құны)": _____

Мүліктің жалпы құны: _____ (_____) теңге.

Өнім беруші:

3 (үш) жұмыс күні ішінде _____ (_____) теңге сомасында
осы тапсырманы орындаудың ақшалай қамтамасыз етілуін төлеуге немесе банк
кеңілдігін ұсынуға;

мүлікті қабылданап алу-беру актісі бойынша қабылдауға;

шартта және осы комиссиялық тапсырмада көрсетілген қызметтерді қабылданап
алу-беру актісіне қол қойылғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде көрсетуге кірісуге;
қабылдаған мүлікті өткізу жөнінде барлық қажетті шараларды қолдануға;

қабылданап алу-беру актісіне қол қойылғаннан кейін 3 (үш) ай өткен соң Тапсырыс
берушімен бірлесіп, өткізілген мүлікті салыстырып тексеру жүргізуға және
салыстырып тексеру актісіне қол қоюға, ал өткізілмеген мүлік болған жағдайда,
қабылданап алу-беру актісіне мүліктің құнын төмендетуді көздейтін толықтыруға қол
қоюға;

қабылданап алу-беру актісіне қол қойылғаннан кейін 3 (үш) ай өткен соң өткізілген
мүліктің құнын аударуға;

өткізілмеген мүлік болған жағдайда, қабылданап алу-беру актісіне толықтыруға қол қойғаннан кейін 3 (үш) ай өткен соң қалған мүлікті нақты өткізілуіне қарамастан, оның құнын аударуға;

берілген мүлікті қарап тексеру үшін Тапсырыс берушіге еркін қол жеткізуіді қамтамасыз етуге;

өткізілген мүліктің құнын мынадай деректемелер бойынша аударуға:

;

Жұмыс нәтижелері бойынша Тапсырыс берушіге есеп (3 данада) беруге міндеттенеді.

Тапсырыс беруші:

мүлікті қабылданап алу-беру актісі бойынша беруге;

қабылданап алу-беру актісіне қол қойылғаннан кейін 3 (үш) ай өткен соң Өнім берушімен бірлесіп, өткізілген мүлікті салыстырып тексеру жүргізуге және салыстырып тексеру актісіне қол қоюға, ал өткізілмеген мүлік болған жағдайда, қабылданап алу-беру актісіне мүліктің құнын төмендетуді көздейтін толықтыруға қол қоюға;

қабылданап алу-беру актісіне қол қойылғаннан кейін 3 (үш) ай өткен соң өткізілмеген мүліктің құнын 50 % (елу пайызға) төмендетуді қамтамасыз етуге міндеттенеді.

Өнім берушінің қызметтеріне ақы төлеу Шартқа сәйкес жүргізіледі.

Тапсырыс беруші:

Өнім беруші:

Мүлікті тәркілеу бөлігінде
қылмыстық іс бойынша сот
үкімі негізінде не мүлікті
мемлекетке беру туралы шешім
негізінде тыым салынған
мүлікті өткізу немесе
пайдалану қағидасына

4-қосымша

Нысан

**Мүлікті сату бойынша _____ қатысуға ӨТІНІМ (аукцион әдісі
көрсетіледі)**

Ескерту. Қағида 4-қосымшамен толықтырылды – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 28.08.2023 № 904 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйріғымен.

1. Мүліктің сатылуы туралы жарияланған хабарламаны қарап және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 227 бүйріғымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10813

боловп тіркелген) Мұлікті тәркілеу бөлігінде қылмыстық іс бойынша сот үкімі негізінде не мұлікті мемлекетке беру туралы шешім негізінде тыйым салынған мұлікті өткізу немесе пайдалану қағидасымен танысып, _____ (жеке тұлғаның Т.А.Ә. немесе заңды тұлғаның атауы және заңды тұлғаның басшысының немесе заңды тұлғаның сенімхат негізінде әрекет ететін өкілінің Т.А.Ә.) _____

20 ____ жылғы " " ____ мына мекенжай бойынша _____
_____ болатын аукционға қатысуға ниет білдіреді.

2. Мен (біз) сауда-саттыққа қатысу үшін мұлік бойынша сауда-саттық нәтижелері айқындалғанға дейін тізілімнің веб-порталы бұғаттайтын кепілдік жарнаны енгіздім(дік):

№	Мұліктің атауы	Мұлік үшін кепілдік жарнаның сомасы, теңге
	Жиыны	

3. Қатысушыға қойылатын талаптарға мен (біз) сәйкес емес екенім (-із) анықталған кезде, мен (біз) аукционға қатысу құқығынан айырылатынымен (айырылатынымызбен), электрондық аукцион нәтижелерінің хаттамасы және мен (біз) қол қойған сатып алу-сату шарты жарамсыз деп танылатынымен келісемін(-з).

4. Мені (бізді) аукцион жеңімпаз(-дар)ы деп танылған кезде, өзім(-ізг)е электрондық аукцион нәтижелерінің хаттамасына өткізілген күні қол қоюды және сауда-саттық өткізілген күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде сатып алу-сату шартына қол қоюды міндеттім(-ізг)е аламын(-з).

5. Мынадай:

- 1) сауда-саттық өткізілетін күні оның нәтижелері туралы хаттамаға қол қоймаған;
- 2) белгіленген мерзімдерде сатып алу-сату шартына қол қоймаған;
- 3) сатып алу-сату шарты бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған кезде, мен (біз) енгізген кепілдік жарнаның сомасы қайтарылмайтынына және сатушыда қалатынына келісемін(з).

6. Осы өтінім электрондық аукцион нәтижелерінің хаттамасымен бірге сатып алу-сату шарты жасалғанға дейін қолданылатын шарттың күшіне ие.

7. Өзім(із) туралы мынадай:

Заңды тұлғалар үшін:

Атауы _____

БСН _____

Басшының Т.А.Ә. _____

Мекенжайы: _____

Телефон (факс) нөмірі: _____

Кепілдік жарнасын қайтару үшін банк деректемелері:

ЖСК _____

БСК _____

Банктің атаяуы _____

Кбе _____

Кепілдік жарнасын төлеген тұлғаның ЖСН/БСН: _____

Жеке тұлға үшін:

Т.А.Ә. _____

ЖСН _____

Паспорт деректері _____

Мекенжайы: _____

Телефон (факс) номірі: _____

Кепілдік жарнасын қайтару үшін банк деректемелері:

ЖСК _____

БСК _____

Банктің атаяуы _____

Кбе _____

Кепілдік жарнасын төлеген тұлғаның ЖСН/БСН:

20 ____ жылғы "____" ____

(коло) (жеке тұлғаның Т.А.Ә.
немесе заңды тұлғаның атаяу
және заңды тұлғаның
басшысының немесе заңды
тұлғаның сенімхат
негізінде әрекет ететін өкілінің
Т.А.Ә.)

Мемлекеттік мұлік тізілімінің веб-порталы 20 ____ жылғы "____" ____ сағат ____
минутта қабылдады.

Қатысушының аукцион номірі _____

Аббревиатураларды таратып жазу:

Т.А.Ә. – тегі, аты, экесінің аты (бар болған жағдайда);

БСН – бизнес-сәйкестендіру номірі;

ЖСК – жеке сәйкестендіру коды;

БСК – банктік сәйкестендіру коды;

Кбе – бенефициар коды;

ЖСН – жеке сәйкестендіру номірі.